**«Айнакөл ауылының ЖОББ мектебі» КММ психолгиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылына арналған есебі**

Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері
Мақсаттар:

- Білім беру ұйымының педагог ұжымы мен әкімшілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үрдісіне қатысушылардың, педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету.

Міндеттер:

- Білім беру ұйымында әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау, негізгі проблемаларды анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушылардың,тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік жағынан жетілуіне септесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушылардың тұлғасын психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- Білім беру үдерісі субьектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

**2023-2024 оқу жылында қол жетілген мақсат міндеттер:**

- -Білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың психологиялық құзіреттілігі қалыптастыру;
- - Диагностикалық мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау;

**Әдістемелік тақырып:** «Оқушының жеке басының адамгершілігі негізі ретінде толеранттылықты қалыптастыру»

**І.Кадрлық қамтамасыз ету.**

Оқу жылының басында мектепте 1 психолог Жумабаева М.А жұмыс істейді.

| № | Оқу орнының атауы | Аты-жөні | Жұмыс өтілі | Біліктілік санаты | Жүктеме |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «Айнакөл ауылының ЖОББ мектебі» КММ | Жумабаева Марфуга Амангалиевна | 17 жыл | Педагог-модератор | 0,5ставка |

**II.Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша жұмыс.**
**1. Облыстық, аудандық вебинарлар мен конференцияларға (онлайн/офлайн форматта) қатысу:**

2023-2024 оқу жылы барысында педагог-психолог жоспарлы түрде ұйымдастырылып өткізілген келесі облыстық, аудандық семинарлар мен вебинарларға қатысты:

- «Білім беру үдерісіне қатысушылардың әл-ауқатының факторы ретінде тұрақты өмірлік дағдыларды қалыптастыру»,
- «Қорқытудың, кибербуллингтің психологиялық аспектілері және мектептегі кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқын аңықтау»,
- «Ата-аналарды дағдыларға үйрету және дамуында артта қалған балаларды күту»,
- «Кәсіби өсу мектебі» жобасын іске асыру шеңберінде "Педагогтардың психоэмоционалды жағдайын психологиялық сүйемелдеу»,
- «Инклюзивті білім беру мен үйде оқытуды ұйымдастыру және арнайы балалармен жұмыс жасау».
- «Дағдарыс жағдайында жасөспірімдерге көмек көрсетудегі ересектердің рөлі»
- «Тұрақты өмірлік дағдырады қалыптастыру-білім беру үдерісіне қатысушыларың әл –ауқатының факторы»

**III.Олимпиадалар мен жарыстарға қатысу.**

- «Үздік психолог кабинеті» облыстық конкурсының аудандық байқауда II орын

- «Қорқытудың, кибербуллингтің психологиялық аспектілері және мектептегі кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқын аңықтау» тақырыбындағы аудандық семинарған қатысқаны үшін СЕРТИФИКАТ;;
- «Дағдарыс жағдайында жасөспірімдерге көмек көрсетудегі ересектердің рөлі» тақырыбында аудандық семинар-отырысында баяндама оқығаны үшін СЕРТИФИКАТ;

- «Тұрақты өмірлік дағдырады қалыптастыру-білім беру үдерісіне қатысушыларың әл –ауқатының факторы» тақырыбында педагог-психологтарының облыстық аймақтық семинарына белсене қатысқаны үшін СЕРТИФИКАТ

**IV. Курсқа дайындық:**

- Психологический центр "Келешек" "Защитим детей от насилия", семинар-тренинг 2020г;
- «Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны» және "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары"  2020г. г.Макинск;
- Курсы по образовательной программе повышения квалификации психологов организации образования, ЦПМ г. Кокшетау, 18.10.2019 г, 80 сағат, №125567

**V. Әдістемелік жұмыс.**

Ағымдағы оқу жылы барысында жоспарға сай «Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері» баяндама пед,кеңес; «Дарынды баланың даму жағдайлары» ата-аналарға арналған дөңгелек стөл; «Отбасылық қарым-қатынас-бала көзімен» ата-аналар жиналысы; «Бейімделу кезеңінің ерекшеліктері» пед.кеңес; «Кинезиология және адам денсаулығы» әдістемелік отырыс; «Болашақ 5-інші сынып оқушыларынң мектепке бейімделу ерекшеліктері», «Баланы 5-інші сыныпқа көшуге қалай дайындау қажет?» ата-аналар жиналысы, т.б ұйымдастырылп өткізілді. Сонымен қатар «Қорқытудың, кибербуллингтің психологиялық аспектілері және мектептегі кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқын аңықтау» тақырыбындағы аудандық семинар, «Дағдарыс жағдайында жасөспірімдерге көмек көрсетудегі ересектердің рөлі»  тақырыбында аудандық семинар-отырысында баяндама; «Тұрақты өмірлік дағдырады қалыптастыру-білім беру үдерісіне қатысушыларың әл –ауқатының факторы» тақырыбында педагог-психологтарының облыстық аймақтық семинарына қатысты.

**VI. Мектеп ішінде өткізілген іс-шаралар:**

2023-2024 жылы барысында жалпы 23 диагнсотикалық жұмыс, 7 дамышулық сабақтары, 4 тренингтік сабақ, 4 пед.кеңесте баяндама, 3 дөңгелек стөл, 4 ата-аналар жиналысында тренинг, 13 жеке кеңес пен 5 топтық кеңес жұмысы жоспарға сай ұйымдастырылып өткізілді.

Мектебіміздің білім алушылары мен қызметкерлерінің психологиялық денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында жыл сайын «Психология апталығы» жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізіледі. Апталық негізінде «Психологиялы әлемі» сурет көрмесі, «Бақыт дегеніміз не?» сурет сайысы; «Танымды психология» танымдық сабақ; және т.б сияқты іс шаралар өткізілді.

***2023-2024 оқу жылына арналған білім алушылардың мазасыздығын зерттеу нәтижелері***

| Мазасыздық көрсеткіштері | Оқушылар саны | | | Пайыздық көрсеткіш | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | төмен | орта | жоғары | төмен % | орта % | жоғары % |
| Мектептегі жалпы мазасыздық | 30 | 2 | 1 | 90% | 7% | 3% |
| Әлеуметтік стрессті бастан кешіру | 31 | 2 | - | 93% | 7% | |
| Табысқа ету қажетілігінің бұзылуы | 32 | 1 | | 96% | 4% | |
| Өзін-өзі көрсетуден қорқу | 26 | 4 | 3 | 79% | 12% | 9% |
| Білімді тексеру жағдайынан қорқу | 25 | 6 | 2 | 75% | 18% | 7% |
| Басқалардың үміттеріне сәйкес келмей қоқынышы | 29 | 3 | 1 | 88% | 9% | 3% |
| Стресске төмен физиологиялық қарсылық | 32 | 1 | | 96% | 4% | |
| Мұғалімдермен қарым-қатынастағы проблемалар мен қорқыныш | 29 | 3 | 1 | 88% | 9% | 3% |

**Қорытынды мен ұсыныстар:**

1. Оқушылар, ата-аналар мен сыны жетекшілер жүргізілген диагностика нәтижесімен таныстырылып, мазасыздық себебі анықталды;
2. Диагностика нәтижерелі бойынша жеке оқушылармен(жоғары мазасыздықты көрсеткен оқушылармен) кеңестік алдын алу жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру барысында келесідей сұрақтар қарастырылды: күн тәртібі, тамақтану, физикалық жүктеме, емтиханға қалай дайындалу

керек, мазасыздықтың алдын алу жаттығулары, мұғалімдермен қарым-қатынас;

3. Алынған нәтижелерді ескере отырып, алдағы оқу жылында психологиялық қызмет жоспарына оқушылардың эмоционалды денсаулығын сақтауға байланысты жаттығулар мен тренингтер енгізу;
4. 9,11 сыны оқушыларының емтихан алдындағы мазасыздықтарын бақылау және алдын алу мақсатында кинезиологиялық жаттығуларды жиі қолданысқа енгізу.

**Мұғалімдердің эмоционалды күйзелісін диагностикалау**

5. > мақсаты: Мұғалімдердің эмоционалды күйзелісін анықтау.
6. Зерттеу нысаны: білім мекемесінің педагогтары,
7. Зерттеу пәні: педагогтардың эмоционалды куйзелісі;
8. мұғалімдердің эмоционалды күйзелісін диагностикалау;
9.
10.> Зерттеу нәтижесі.

| **Аралық** | **Қатысқандары** | **Төмен деңгей** | **Орта деңгей** | **Жоғары деңгей** |
|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы басында *Тамыз/қыркүйек* | 22 | 2 (9%) | 15 (68%) | 5 (23%) |
| Оқу жылы ортасында *желтоқсан/қаңтар* | 22 | 6 (27%) | 13 (59%) | 3 (14%) |
| Оқу жылы соңында *Сәуір/мамыр* | 22 | 8 (36%) | 12 (55%) | 2 (9%) |

11. Мұғалімдердің эмоционалды күйзелістік жағдайын диагностикалау үш кезең бойынша жүргізілді. Алғашқы кіріспе сауалнама бойынша анықталғандай 5 мұғалімнің (23%) эмоционалды жағдайы жоғары (эмоционалды тұрақсыздыққа шалдыққан)деңгейді көрсетті. Келесі екі кезеңде ол көрсеткіш 14% және 9% пайызға төмендегені анықталды.
12. Осылайша, сауалнамаға қатысқандардың 36% кәсіби күйіп қалу деңгейі төмен, диагностикаға қатысушылардың жалпы санының 55% орташа кәсіби күйіп қалу деңгейі бар, мұғалімдердің 9% - жоғары кәсіби күйіп қалу деңгейі бар.
13. Ұсыныстар:
14. Педагогтардың жеке ресурстарын арттыру үшін кәсіби күйіп қалу синдромының алдын алуға бағытталған профилактикалық семинарлар, тренингтер өткізу қажет, атап айтқанда:
15. - мұғалімдерді психологиялық дағдылар мен релаксация және эмоционалдық шиеленісті жеңілдету дағдыларына, жағымсыз сезімдермен, уайымдармен жұмыс істеу қабілетіне үйрету, жеңудің

белсенді мотивациясын дамыту, жеке тәжірибе алу мүмкіндігі және жеке өсу мүмкіндігі ретінде стресске деген көзқарас қалыптастыру;

16. -Білім беру ұйымында басшы және педагог қызметкерлердің психологиялық жай-күйіне мерзімді мониторинг жүргізіп, психологиялық ағарту бойынша іс-шаралар жүргізуге жағдай жасау.

**«Кәсіби даму мектеп» жобасы аясында** :

Қазіргі уақыттағы заман ағымына байланысты талаптардың бірден бірі – психологиялық қызмет пен білім беру саласында өзін-өзі жетілдіруге икемді, болашақ мамандығы мен қоғамда өз көз қарасы жетік дамыған, шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін зерттеу , анықтау. Осыған байланысты «Айнакөл аулының ЖОББ мектебі» КММ «Кәсіби даму мектеп» жобасы 2023-2024 оқу жылынан бастап өз бастамасын алды. Негізгі әрі басты мақсат: тұлғаның сын тұрғысынан ойлау, пайымдау, шешім қабылдау, күйзелістің алдын алу және қиындықтан шығу жолдарын таба білу қабілеттерін дамыту. Осы орайда педагогтар , ата-аналар мен оқушылар арасында жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Солардың бірі:

- «Эмоционалды күйзелістің алады алу» педагогтарға арналған тренинг;
- «Анаға мың тағзым» алғыс айту күніне орай оқушылар арасындағы челендж;
- «Достар арасындағы ойын» бастауыш сынып оқушылары арасындағы тренинг;
- «Лента сыйла» акциясы;
- «Менің балам – менің болашағым» ата-аналар жиналысы, т.б атап өтерлік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

***Қорытынды мен ұсыныстар:***

Жоба аясында жоспарланып өткізілген іс-шаралардың қорытындысы өз нәтижесін көрсетті. Атап айтқанда:

- білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығын сақтауға және нығайтуға, оқыту процесінде жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктері ескеріле отырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуын, педагогтар мен ата-аналарды әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, қолдау көрсетілді.
- Сонымен қатар, ата-ана-бала, ата-ана - мектеп, оқушы-педагог, оқушы-ата-ана сияқты басты байланыс арта түседі және білім үрдісіне

қатысушылардың күйзеліске түсу, өзіне сенімсіздік пен қобалжу сезімдері азайды.

- Ұжымдағы психологиялық климат жоғарылап, кәсіби өсу арта түсті.

**Психологиялық клуб жұмысының есебі:**

Ағымдағы жылдың қыркүйек айынана бастап мектебімізде «Жас психологтар» психологиялық клубы өз жұмысын бастады.

Мақсаты: .

- оқушылардың психикалық денсаулығын нығайту, өзіне және басқа адамдарға деген оң көзқарасты ынталандыру;
- өзінің оқу іс-әрекетін рефлексиялауды, өз мәселелерін, қиындықтарға тап болған кезде жеке басының ерекшеліктерін түсінуді, оларды жеңуді үйрену;
- өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыруды үйрену;

| № | Мазмұны | Саны |
|---|---|---|
| 1 | Мектепте оқитын оқушылар саны | 50 |
| 2 | Білім беру ұйымдарындағы психологилық клубтың саны | 2 |
| 3 | Психологиялық клубтағы оқушылар саны БАРЛЫҒЫ | 32 |
| 4 | Негізгі сыныптар бойынша | |
| | 5-9 | 25 |
| | 10-11 | 7 |
| | Басқалары | - |
| 5 | Өткізілген сабақтар | 9 |

**Клубтың жұмысы бойынша қысқаша нәтижелері (түсініктеме)**

Клуб жұмысы жспарға сай ұйымдастырылп өткізілді. Бұл аралықта жасөспірімдерің мәселелеріне байланысты сұрақтар талқыланылып (қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау, сезімдер мен эмоциялар) қарастырылды. Жалпы клуб балаларды бір шаңырақ астында жинап, бір тұтас болуға, бірінің жағдайына бірі жанашырлық сезіммен қарау, эмоционалды қолдау көрсетуге үйренетін мүмкіндіктер алды.

**VII. Қорытындылар мен ұсыныстар:**

Жүргізілген жұмысты талдау мектеп психологының таңдаған жұмыс сратегиясының дұрыстығын көрсетеді. Жұмыстың барлық нәтижелері 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына, жұмыстың алға өойылған мақсаттары мен міндеттеріне согдай - ақ, барлық бағыттарға сәйкес келеді. Жүргізілген жұмыстар өзімнің кәсіби мүмкіндіктерімді анықтауға және өз қызметімді жүзеге асырудың, сондай – ақ болашақта кәсіби өсудің негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

2024-2025 оқу жылына мұғалімдермен және ата-аналармен жұмысты күшейтуге көңіл бөліп, өткен жұмыс кезеңіндегі іс-әрекеттердің талдауын ескере отырып , алдағы оқу жылындағы іс-шараларды жалғастыру қажет.

Педагог-психолог: Жумабаева М